

Лебяжі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы "Лебяжі ауданының жекелеген санаттағы азаматтарына 2010 жылға арналған әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 7/1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 87/4 қаулысы. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 мамырда N 12-9-110 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімінің аппараты басшысының 2014 жылғы 06 наурыздағы N 31/1-36/89 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімінің аппараты басшысының 06.03.2014 N 31/1-36/89 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-тармақшасына сәйкес, жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қаңтардағы "Лебяжі ауданының жекелеген санаттағы азаматтарына 2010 жылға арналған әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 7/1 (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуіндегі тізілімінде N 12-9-104 болып тіркелген, 2010 жылғы 18 ақпанда "Аққу үні" газетінің N 14 санында жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақтың 1)-тармақшасындағы "65000" саны "130000" санымен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1)-тармақшасындағы "сыйлықтар жинағы 30000 теңге көлемінде (жыл сайын 1 сәуірден 9 мамыр аралығында соғысқа қатысушысы немесе мүгедегі қайтыс болған жағдайда сыйлық жинағы отбасына беріледі)" сөзі алынып тасталсын;

3-тармақтың 1)-тармақшасының келесі мәтіндегі "көмір сатып алуға 30000 теңге көлемінде" абзацы алынып тасталсын;

3-тармақтың 1)–тармақшасындағы пәтерлеріне жылы дәретхана салумен ағымды жөндеуге арналған "70000" саны "370000" санымен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1)–тармақшасындағы электрік пешті сатып алуға және орнатуға арналған "100000" саны "200000" санымен ауыстырылсын;

3-тармақтың 4)-тармақшасындағы "сыйлық жиынтығы сомасында" сөзі "

бірреттік көмек сомасында" сөзімен ауыстырылсын;

3-тармақтың 4)-тармақшасындағы "(1 сәуірден 9 мамыр аралығында соғысқа қатысушысы қайтыс болған жағдайда сыйлық жинағы отбасына беріледі)" сөзі а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтың 5)-тармақшасындағы "сыйлық жиынтығы сомасында" сөзі " бірреттік көмек сомасында" сөзімен ауыстырылсын;

3-тармақтың 5)-тармақшасындағы "(1 сәуірден 9 мамыр аралығында соғысқа қатысушысы қайтыс болған жағдайда сыйлық жинағы отбасына беріледі)" сөзі а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтың 6)-тармақшасындағы "сыйлық жиынтығы сомасында" сөзі " бірреттік көмек сомасында" сөзімен ауыстырылсын;

3-тармақтың 6)-тармақшасындағы "(1 сәуірден 9 мамыр аралығында соғысқа қатысушысы қайтыс болған жағдайда сыйлық жинағы отбасына беріледі)" сөзі а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтың 9)-тармақшасындағы "75000" саны "70" айлық есептік көрсеткішімен ауыстырылсын.

2. Бұл қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Ө.Сағандықовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Әпсалықов